



Тарихи шығармалар және ТАНЫМДЫҚ ОҚЫЛЫМ

Жанар Әбдіғаппарова
Ассистент профессор
Назарбаев университеті
zhabdigapar@nu.edu.kz

Мазмұны



Тарихи шығармаларды оқытудың
маңыздылығы



Тарихи шығармаларды оқыту технологиясы



Студенттердің өз бетінше ізденіс жұмыстары



Сабақта мультимедиялық технологияларды
қолданудың тиімділігі



Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» романы



”Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі.”

«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ»
АТТЫ МАҚАЛАСЫ
21.11.2018

Тарихи романға тән белгілер

Белгілі бір
тарихи
оқиғаға
байланысты
туған

Оқиғаның
дәлдігі
сақталады

Әр кезеңнің
тарихи-
әлеуметтік,
қоғамдық-
саяси бет-
бедері
көркемдік
тұрғыдан
қорытылып
бейнеледі

Жалпы-
халықтық,
мемлекеттік
мүдделер
басты сипат
алады

Тарихта
болған
оқиғалар
желісі
құрайды

Кейіпкерлері
- өмірде
болған
адамдар

Тарихи шығарма және оның жанрлық ерекшелігі

Әдебиет зерттеушісі Ю.А.Андреев «Русский исторический роман (20-30)» деген кітабында:

”Тарихи романда - өткен оқиғалардың суреттелуі, қазіргі мен сол өткеннің арасында белгілі кеңістік болуы, қандай да болмасын аяқталған кезеңнің тәжірибесін замана адамдарына тағылым етіп ұсыну басты орында болуы тиіс. Шығармада құжаттық негіз, ақиқат, тарихи оқиғалар мен адамдар болуы шарт.”

Тарихи шығармаларды оқыту

Тарихи оқиғаларды көркем
шығарма арқылы терең таниды

1

Тарихи сананы жаңғыртудың тиімді
жолы

2

Студент тарихи мәселені терең түсініп, тарихи-көркем
әдебиетте суреттеліп отырған қоғамдық
қайшылықтарды ғылыми түрде ұғынып, оған талдау
жасайды. Бұл тарихи фактіні саналы ұғынумен бірге,
студенттің бойына ғылыми көзқарас қалыптастырады.


3



**«Жақсы жазылған тарихи
роман тарих курсынан да
құндырақ».**

О. Бальзак

Сабақтың құрылымы



Мұхтар Әуезов «Қилы заман» романы

1928 жылы Қызылорда қаласындағы
«Қазақстан» баспасынан
жарыққа шыққан.

1916 жылғы ұлт-азаттық
қозғалысының
ірі ошағы - «Қарқара»
жәрмеңкесінде болған
Албан елінің азаттық үшін
күресі суреттеледі.





”М. Әуезов шығармашылығына байланысты әрбір маңызды дерек көпшілікке ұсынылуға тиіс. Әсіресе, жоғары мектептерде білім алушы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы барша талапкерлерге жетуі керек”.

Бисенғали З.-Ғ.Қ.

«Қилы заман» романындағы дерек пен дәйек.

Мақала, Eurasian Journal of Philology: Science and Education. №1 (169). 2018

Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» романы және оның тарихи, саяси мәні

- Шығарманың жазылуына түрткі болған жағдай. 1926 ж. С.Сәдуақасовпен арадағы әңгіме;
- 1927 жылы шілде айында Қазақстан оқу-ағарту комиссариатының арнайы жолдамасымен Жетісу өңіріне материал жинауға келуі;
- 1928 ж. Қызылорда қаласы, «Қазақстан» баспасынан жарық көруі;
- «Қилы заман» роман туралы жазылған сыни пікірлер.

- 1930 жылы М.Әуезовтің тұтқындалуы;
- «Қилы заман» шығармасының тәркіленуі;
- 40 жылға жуық шығарманың оқырманға жетпеуі;
- Рымғали Нұрғалидың 1967 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған ««Қилы заман» қандай туынды?» - мақаласы.
- 1972 ж. А.Н.Пантиелевтің аудармасымен «Лихая година» деген атпен «Новый мир» журналында жариялануы (Ш.Айтматовтың алғысөзімен)
- 1974 жылы «Жұлдыз» журналының №8 санында жариялануы.

Семинар сабағын ұйымдастыру кезеңі

1

Аудиторияны жұмысқа дайындау

2

Топқа бөлу. Студенттерді 4-5 адамнан тұратын шағын топтарға бөлу

3

Мақсаттарды және күтілетін нәтижелерді анықтау

4

Этикалық ережелерді қабылдау

5

Сенім және жұмыс атмосферасын қалыптастыру

6

Барлық студенттер жұмысқа қатысуы керек

7

Барлық пікірлер тыңдалуы керек

8

Жазбаша жұмыстардың орындалуы

Көркем шығарманы талдау үдерісі

Мәтіналды тапсырмалар

«АЛАШТЫҢ АЗАМАТЫНА!»
мақаласы

Ғали хан, Ахмет, Міржақып.

*"Қазақ", №192, 1916 жыл. Орынбор-С.-
Петербор.*



Отан қорғау ісіне көмегі тиер деп, бізді жұмысқа шақырған жарлық шықты. Бұл соғыстың ылаңын ешкім де тілеп алмаған шығар, біздің де көрейік деген күніміз бұл емес еді. Бірақ, басқа келген пәледен "бастан құлақ садаға" елден алабөтен аман қаламыз деуге бола ма?

Ал енді дүние бұл күйінде тұрмас, бұл соғыс та бітер. Сол кезде әркім қызметін бағалар. Сонда екенде жоқ, сепкенде жоқтар сыбағаға ортақ бола алмас. Теңдікке ортақ болайық десек, осы бастан түбін ойлауымыз керек. Алмақтың да салмағы бар.

*Ғалихан, Ахмет, Меряхұп
"Қазақ", №192, 1916 жыл.*

كەلتۇ قايىنارى: http://www.elarna.net/kitap_kk.php?id=5303&oku=34177#ixzz5cYysc2Zi

ارنا كەسكىندەر ايماعى: <http://www.elarna.com/video.php>

Көркем шығарманы талдау үдерісі

1

Тақырыптық-идеялық

2

сюжеттік, композициялық құрылысы

3

жанрлық сипаты

4

кейіпкерлердің характерін бейнелеу
принциптері

5

образдар жүйесі бойынша

6

көркемдік ерекшеліктері



Тарихи шындық

1916 жылы маусымның 25-інде Ресей патшасы II Николайдың «Реквизициялау туралы» жарлығы шығып, Орталық Азия мен Сібірдегі «бұратана халықтардан» 19-43 жас аралығындағы 400 мың адамды майданның тыл жұмыстарына алу көзделді.

Мәмбет Қойгелдиев



Көркемдік шындық

*... - Соғыс болып жатыр, көмек керек. Патша сендерге бұйырады. Елдің бәрі бейнет көріп өліп, қырылып жатқанда сендер қымыз ішіп, қызықтап жүре беруге болмайды. Мынау бұйрық келді, тыңдаңдар, - деп алып, бұйрықты оқыды.
... Жарлықта «19 бен 32 –нің арасындағы азаматты қазақ елі әскер керегі үшін тезінен жинап, өкімет қолына тапсыруға керек» деген.*



Мұхтар Әуезов, Қилы заман. 23 б.



Тарихи шындық

25 маусымдағы патша жарлығы Жетісу қалаларында 8 шілдеде белгілі болған. Облыстың жекеленген уездерінде жұмысшыларды шақыру туралы телеграммалар одан бұрын, 2 және 3 шілдеде келіп түскен.

Мұқаметжан Тынышпаев
«Қазақ» газеті, 1917 ж. 6 желтоқсан (№ 254)



Көркемдік шындық

... Кешегі күн болыстар айтып келген хабар ел ішін ұйқы-тұйқы қылды. Бүгін июльдің сегізі. Жәрмеңке басы кешегі күні кешке-ақ жат жарлықты түгел естіп болған.



Мұхтар Әуезов, Қилы заман. 23 б.





Тарихи шындық

«Осыған орай 1916 жылы 16-шілде күні Түркістан генерал-губернаторының міндетін атқарушы генерал Ерофев патшаның қабылдауына кіріп, Түркістан өлкесін әскери жағдайға көшіру туралы жарлыққа қол қойдырды. Бұл бүкіл Орта Азия мен Қазақстан халқын "дұшпан армиясы" - деп жариялаумен пара-пар болатын. Жарлықта: "сотқа - жауапқа" тартылғандардың бәрі берілсін, соның ішінде жеке адамдар туралы қосымша дерек жинамай, тергеудің соңын күтпей-ақ өзге сыбайластарын қоспай-ақ жазаға тартылсын", - делінген.

Тұрсын Жұртбай, «Бейуақ».



Көркемдік шындық

... Сол бетпен қара жолмен келе жатып, жәрмеңкеден бес-алты шақырымдай жер шыққанда, жол жанында сұлап жатқан көп кісінің өлігін көрді. Әр жерге әр жерге әрқайсысы шашылып, өр күйде жығылған екен.

... Барлығы да Қарақол абақтысында өлген ел басшыларындай жәрмеңке басындағы абақтыға қамалып отырған басты кісілер екен.

... «Өз көңілдерінде : «Шейітпіз, ақпыз ел тілегінің жолына шалынған еркек тоқтымыз», - деп өлген жандар.

Мұхтар Әуезов, Қилы заман. 175 б.





Тарихи шындық

Қарқара мен Қарақол өңіріндегі халықтың басым бөлігі босқыншылыққа ұшырап, Қытай жеріне ауа көшті. Сол кезде 16 болыс албанда жалпы жан саны 69440 болса, оның ішінде 56950 адам босқын болды.

Жөргенбаев Ж. Қарқара қасіреті. Егемен Қазақстан // 26.08.2016.

Мұхамеджан Тынышбайұлы: «Босқын болғандардың ішінде 35100 адам қырғын тапқан. Яғни, халықтың 1916-1917 жылдары жартысынан астамы қырғынға ұшырады».

«Қазақ» газеті, 1917 ж. 6 желтоқсан (№ 254)

Көркемдік шындық

... Сонымен өмір бойы дұшпан ниетімен келген ескі жәрмеңке үлкен өрттің құшағына кіріп, қара түтіннің астында тұншығып, бықсып, жоғалып бара жатқан шақта, қалың Албанның елі де Қытайға бет түзеді. Салқар-салқар болып, қайтқан қаздай тізіліп, ауа көшіп тартып берді. Артында қара түтін болып жәрмеңке қалды. Құлазып қыста, қоңырсып жұрт қалды.

Мұхтар Әуезов, Қилы заман. 177 б.

Көркемдік шындық және тарихи тұлға

- **Ұзақ Саурықов,**
(1855 Жаркент уезінде туған. [1916](#) ж. [Жетісудағы](#) Қар қара көтерілісі ұйымдастырушыларының бірі.
13.8.1916
- Қырғызстан, Қарақол түрмесінде қайтыс болған.
- Тегі албан руының Құрман атасынан шыққан.
Ұзақ ел билігіне жас кезінен араласты.

Жетісу энциклопедия.
- Алматы: «Арыс» баспасы,
- 2004 жыл. — 702 бет



*... Осы ретті Дөңгелек саз,
Серікбай, Әубәкірдің аузына қарап,
Қарқара, Лабасы, Сырт жайлаған
елдер Жәмеңкедей қария, Ұзақтай
батырының аузына қарап,
солардан жауап күтіп еді.
... Кішілеу дөңгелек денелі, бұрыл
сақалды ер Ұзақ қажымас мықты
қайрат иесі, ержүрек батыр
болатын. Ұзақ суырылып көп
сөйлемейді, сөйлесе, кесіп-байлап
бір-ақ айтатын.*

Мұхтар Әуезов, Қилы заман. 31-32 бб.

Көркемдік шындық және тарихи тұлға

- Жәмеңке Мәмбетұлы 1838 жылы Жәркент уезінде дүниеге келген.
- Ерекше қабілетімен танылып, 18 жасынан билікке араласыпты.
- 19 жасында Жәмеңкені көрген Тезек төре: «Шіркін-ай, мойын омыртқалары адамзатта сирек кездесуі, алдынан ат шаптырмас екен» деп, баға берген.
- Жәмеңке 27 жыл Иванов болысының беделді ғана емес, Ыстықкөлдi мекендеген қырғыздарға да танымал биі болыпты.

Жетісу энциклопедия. - Алматы:
«Арыс» баспасы, 2004 жыл. — 712
бет



... Бұның көп заманнан бергі үзеңгі жолдасы Жәмеңке. Бұл жетпістен асқан қарт қырандай кәрі шора аяқ, алғыр шешен еді. Бірақ зорын таппай сөйлемейтін, көбінесе үндемей, өз ішіне үңілген сияқты ойда отыратын, жадағайы жоқ, тартымды, жинақты мінезі бар.

Мұхтар Әуезов, Қилы заман. 31-32 бб.

Көркемдік шындық және тарихи тұлға

- Әубәкір Солтанбекұлы 1871 ж. туған, Әубәкір Қарқарада көтерілісі басталған алғашқы күннен-ақ өз белсенділігімен көзге түседі.
- 1916 жылы 22 шілдесінде Ұзақ, Жәменке және Әубәкір үшеуін 10 солдат түнделетіп айдап, 23-і күні Қаракөл (Прежевальск) түрмесіне апарып қамайды.
- Әубәкір Қаракөл түрмесіндегі қырғыннан аман құтылып, Қытай жеріне өтеді.
- Бір жылдан соң елге қайта оралып, 1930 жылға дейін әр түрлі жұмыстарда болған.
- 1916 жылы көтерілістің және Қаракөл түрмесіндегі қырғынның көзі тірі куәгері ретінде 1927 жылы естелік жазған (ҚР ҒА қолжазбалар қорында сақтаулы).
- 1930 жылы "бай-құлақ" ретінде қуғынға ұшырап, қайтадан Қытайға өтеді. Сол жылы жарасы асқынып, Құлжа қаласында дүние салған.

Жетісу энциклопедия. - Алматы: «Арыс»
баспасы, 2004 жыл. — 700 бет



... Аяғында болыстардың қалың ортасында отырған сұр жүзді, шоқша сақалды, ер көзді Әубәкір елден бұрын даусын шығарды. Бұл Албанның жаңада шығып келе жатқан отты жігіттерінің бірі еді. Түсі әрқашан ашу шақырған кісі сияқтанып сұрланып, екі көзі қанталап, екіленіп қатты сөйлейтін. Ұлықтан да онша көп ығып жасқанбаушы еді.

Мұхтар Әуезов, Қилы заман. 25 б.

Айттөбе



..Жиналыс жәрмеңкенің өзінде емес, Таңбалы тастың жәрмеңкеге қараған бет алдындағы Айттөбеде. Әзірше кішкене ауданды Айттөбе шошақ төбелі Албанға сіресіп лық толды.

Айттөбе алыстан көзге түсіп, еріксіз асықтырып, белгісіз түспен сіміре тартқандай.

Мұхтар Әуезов, Қилы заман. 25 б.

Ереуілтөбе



Қарақара жәрмеңкесі өтіп жүрген жайлаудың кіндік тұсындағы төбе. 1916 ж. 11-шілдеде осы төбеде бас қосқан Албан руының игі жақсылары патша өкіметінің әскерге адам алу туралы жарлығына қарсы шығып, көтеріліс жасауға пәтуаласады. Жетісу облыс жандарм басқармасының архив құжаттарында осы үлкен жиынға Пржевальск (Қарақол), Верный, Қапал уездерінің өкілдері және ұйғырлардың Кетпен, Ақсу-Шарын болыстарынан адамдар қатысқаны ерекше атап көрсетілген (ОМА, Жандарм басқармасының қоры, 6-іс, 78-81-б.). 1926 ж. мемлекеттік қайраткерлері О.Жандосов, Ы.Көшкінов, Ә.Жүнісов, т.б. ұйымдастыруымен Қарқара көтерілісінің 10 жылдығы аталып өтіп, бұрын Көктөбе, Айттөбе делініп келген төбені Ереуілтөбе деп атау туралы ұсыныс қабылданды.

1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс

Мұхтар Әуезов «Қилы заман»

«Ұлық: - Елдерің жігіт бермеймін дегені рас па?

Дегені рас.

- Ол сөзді елге кім үйретті, соны айт деген басшысы кім?

- Басшысы жоқ, жалпақ елдің өзі айтты, бұндай сөз үйретіндімен айтыла ма екен? Барлық Албан түгел бермеймін дейді...

-Жігіті біржола бермейміз дей ме?

Жоқ пәлендей шартымызды орындамасаң, бермейміз дей ме?...

-Ел: «Берсек, қара жұмысқа бермейміз, нағыз солдат қылатын қызметіне алсын»... Біз де өзге солдат болып жүрген сияқты елміз. Біздің де еркегіміз – еркек, ұрғашы емес. Сондықтан жұрт қатарлы тең орында боламыз. Қолымызға қару берсін», - дейді».

Жамбыл Жабаев «Зілді бұйрық»

«Верныйден» жандаралдар бұйрық қылды,
Құйрығы бұйрығының тіпті зілді. ,
«Отыз бір - он тоғызды алад» деген
Суық хабар халықты бұлқындырды.

«Верныйдың» қадам баспай қаласына,
Кемпір, шал жылап жатыр баласына.
Ешбір ем табылмады іздесе де
Халықтың жүректегі жарасына.

Пристав келіп қалды бала сұрап,
Ел жатыр бермейміз деп қойдай шулап.
«Қырсаң да баламызды бермейміз» деп,
Тайсалмай әке-шеше жатыр сұлап.

Пристав ашуланды «аламыз» деп,
Жігіттер тұр: «Бармаймыз, қаламыз, - деп. -
Егер де бұл түріңді өзгертпесең,
Басыңа бір ойранды саламыз!» - деп.

Ел-ел боп жиылды кеп әрбір сайға,
Ал әлеумет, қараңдар мына жайға.
Сеңдей болып соғылып толқындады,
Бір сая бола ма деп шыбын жанға!

«Самалтау» әні

Арқаға тірелген қара
мылтықтың күшімен жат ел,
бөгде жұртқа еріксіз кетіп бара
жатқан қазақ жігітінің осы бір
әні артта қалған ата жұртқа
дұғай сәлем болып жетті.

«Самалтау» әні

Түйін

Халықтың шегіне жеткен наразылығы, ұзақ жылдар бойы жалғасып келген ашық қанау, әділетсіздікке қарсылығының нақты себептері ел атынан сөйлеуге шыққан Тұрлығожаның аузымен айтылды:

«Хан әділінен тайса, қарашысы бұзылады» деген. Бұл күнге шейін бізді билеп келген патша мына жарлықты шығарамын деп елге екі сөз айтты. Әділінен тайды. Біз ақ патшаға қарағалы елу жыл толған жоқ, елу жылға шейін солдат алмақшы емес еді. Одан танды, бұл – бір, - деп, оң қолымен сол қолының бармағын басты. – Бір сом жиырма тиыннан артық түтіннен рамат алмақшы емес еді, биылғы жыл жиырма бір мен қырық беснің арасына келгеннен алым алды, артық алды. Бұл – екі. Жерді алды, қонысты алды. Ел күн көріп отырған суды алды. Бұл – үш. Өз жерімізді өзімізге сатты... Біз өгей бала есепті болдық... ұлықтың әділмін деген патшаның бір сөзінде тұрмай, екі айтқанына ел көптен бері наразы болатын».

М.Әуезов «Қилы заман»

Топтық жұмыс тапсырмасы

Қарқара
көтерілісінің
қаһармандары
жайында
тарихи
деректер

«Қилы
заман»
шығармасы-
ның қилы
тағдыры

Саяси террор
және
М.Әуезовтің
ашық хаты

Топтық жұмыс



Мультимедиалық технологияларды пайдаланып оқыту мынадай нәтижелерге қол жеткізеді:



**оқу материалын
терең түсіну**



**оқу
мотивациясының
артуы**




**алынған білімнің
ұзақ уақыт
есте сақталуы**



**білім беруге
жұмсалатын
уақытты үнемдеу**

Thinglink



Search for content TITLE: Мұхтар Әуезов "Қилы заман" повесі

↑ Add videos, music or photos on your image.



+
FIT
-



Settings...


Save Image



Socrative

Browser navigation bar showing the URL <https://b.socrative.com/teacher/#edit-quiz/38131327> and various search engines and services like Mail.Ru, Dashboard, and Thinglink.

#2



Тоқаш Бокин Қарқара көтерілісінде Патша жарлығына қарсы шыққан халық қаһармандарының бірі

Correct Answer:

True False

EDIT

↑

↓

📄

#3

«Не маңғаз, не қасқа-жайсаң жусады ғой мынау ұлық, мынау дұшпанның сұмдығынан. Әттең! Әттең! – деген арман шықты. Жау қолынан құтылып далаға шыққан соң, қырғыз, қазақ, тараншы демей, төрт қашқын далада отырып бірге туған бауырын жоқтаған туысқандардай болып, осындай жалынды армандарын айтып отырып, ботадай боздасты»-деген көріністе жазушы нені аңғартады? (10, 152 б.).

EDIT

↑

↓

📄

#4

EDIT

🗑️

Windows taskbar showing several open files: 41 ҚҮН ЖАНҒАҢht..., e987b23b-c1ea-4....mp4, thesis82310 (1).pdf, thesis82310.pdf, attendance-sheet-....pdf, attendance-sheet-....pdf, and a button labeled "Показать все".

Kahoot!

The image shows a browser window displaying the Kahoot! website. The browser's address bar shows the URL <https://play.kahoot.it/#/?quizId=8c64cf73-4d58-409d-8e7c-90c5ad29edc0>. The website has a purple background with the Kahoot! logo at the top. Below the logo, the text "М.Әуезов шығармашылығы" (M. Auezov's works) is displayed. Two main options are presented: "Player vs Player 1:1 Devices" with a green "Classic" button, and "Team vs Team Shared Devices" with a blue "Team mode" button. At the bottom, there is a "Game options" dropdown menu. The browser's taskbar at the bottom shows several open files: "Қырық мысал (5).docx", "41 КҮН ЖАНҒАҢht...", "e987b23b-c1ea-4....mp4", "thesis82310 (1).pdf", "thesis82310.pdf", and "attendance-sheet-....pdf". The system tray in the bottom right corner shows the time as 3:38 PM on 1/17/2019.

Көгермдік шындық ЖӘне тар... x | 1916 жылғы ұлт-азаттық көтер... x | "Үлкен террор" шеңгеліне ілік... x | Kahoot! x | Kahoot! | Play this quiz now! x | Kahoot! | Play this quiz now! x

← → ↻ <https://play.kahoot.it/#/?quizId=8c64cf73-4d58-409d-8e7c-90c5ad29edc0>

Приложения [https--mail.google](https://mail.google) Suggested Sites Главная страница Почта Mail.Ru Dashboard Обращение за визой Kazkommertsbank's / <https://cgifederal.sec> Nonimmigrant Visa - Thinglink

Kahoot! Full Screen

М.Әуезов шығармашылығы

Player vs Player
1:1 Devices
Classic

Team vs Team
Shared Devices
Team mode

Game options ▼

Қырық мысал (5).docx ^ | 41 КҮН ЖАНҒАҢht... ^ | e987b23b-c1ea-4....mp4 ^ | thesis82310 (1).pdf ^ | thesis82310.pdf ^ | attendance-sheet-....pdf ^ | [Показать все](#) x

3:38 PM
1/17/2019

Kahoot

Көркемдік шындық Және тар... x | 1916 жылғы ұлт-азаттық көтер... x | "Үлкен террор" шеңгеліне ілік... x | Kahoot! x | Kahoot! | Play this quiz now... x | Kahoot! | Play this quiz now... x

https://create.kahoot.it/details/8c64cf73-4d58-409d-8e7c-90c5ad29edc0

Приложения | https--mail.google | Suggested Sites | Главная страница | Почта Mail.Ru | Dashboard | Обращение за визой | Kazkommertsbank's / | https://cgifederal.sec... | Nonimmigrant Visa - | Thinglink

Pro tip: organize your kahoots into folders in Kahoot! for schools! [Learn more](#)

Kahoot! Discover Kahoots Reports Upgrade now **Create**

М.Әуезов шығармашылығы

Play **Challenge**

A private quiz for higher education
М.Әуезов "Қилы заман" романы
0 favorites 0 plays 0 players

Zhanar.abdigapparova
Created 15 minutes ago

Copy and share this playable link
<https://play.kahoot.it/#/k/8c64cf73-4d58-409d-8e7c-90c5ad29edc0>

Q3: 1928 жылы "Қилы заман" кітабы қай баспадан жарық көрді? 20 sec

- Түркмамбас ✗
- Ғылым ✗
- Атамұра ✗
- Қазақстан ✓

Q4: 1967 жылы "Қилы заман қандай туынды?" атты мақаланың авторы? 20 sec

Қырық мысал (5).docx | 41 КУН ЖАНҒАНht... | e987b23b-c1ea-4....mp4 | thesis82310 (1).pdf | thesis82310.pdf | attendance-sheet-....pdf | Показать все

3:42 PM 1/17/2019



*Тарихи сананы жаңғыртудың тағы бір құралы
театр мен кино өнері.
Себебі қазіргі кезеңде адамдардың
тарихи санасын оятуда тарихи шығармамен
қатар тарихи фильмдердің де рөлі зор.*

ҚИЛЫ ЗАМАН ТЕАТР САХНАСЫНДА

- Сценарий авторы Нұрлан Оразалин
- Спектакльді қоюшы режиссер Әубәкір Рахимов
- 1997 жылы Алғаш Алматыдағы М.Әуезов атындағы академиялық драма театрында сахнаға қойылды.





ҚИЛЫ ЗАМАН ТЕАТР САХНАСЫНДА

- «Театр – өмір айнасы»
- Тарихи шығарманы оқытуда сол оқыған шығармасының сахналық қойылымын (спектаклін) көру арқылы студент сол дәуірді бастан кешкендей күй кешеді. Санасында көмескі тартқан сол тарихи оқиғаны көз алдына елестете алады. Ақыл-ойын, эстетикалық танымын жетілдіріп, эмоциялық әсер алады. Сондай-ақ, студенттің өздігінен ізденуіне мүмкіндік туғызады.

Қорытынды

- Тарихи шығарма тарихи сананы қалыптастырады.
- Шығарма арқылы тарихи шындықты көре білуге, өзінің азаттығы мен бостандығы үшін күресуші халықтың ерлік істеріне сүйсіне қарауға үйретеді.
- Тарихи шығармаларды оқу студенттердің тарихи оқиғалар мен құбылыстарды жете тануына, ойында ұзақ сақтауына әсер етеді.
- Тарих қоғамдағы оқиғаларды нақты деректермен дәлелдесе, тарихи көркем әдебиет сол оқиғаларды бейнелі кескінмен елестетеді.
- Көркем шығарма дәуірдің қоғамдық-саяси сипатын, сол кезеңдегі оқиғаның даму барысын дұрыс түсінуге көмектеседі.
- Студент тарихи мәселені терең түсініп, тарихи-көркем әдебиетте суреттеліп отырған қоғамдық қайшылықтарды терең түсініп, ғылыми көзқарас қалыптастырады.

Дереккөздер

- Жұртбай Т., Қауғабай . «Қилы заман», (Ғылыми түсініктер). https://qamba.info/site/book/online/qily-zaman/content/content_4.xhtml/
- Қожамқұлов С. «Ереуілтөбе» ."Жұлдыз". 1977. № 9.
- Бердібай Р. Бес томдық шығармалары жинағы. III том, 24-34 бб. Алматы, «Қазығұрт» , 2005.448 б.
- Мүсірепов Ғ. Сөзстан: 5 кітап.- Алматы: Жалын, 1984. - 162 бет
- Жұртбай Т. «Ұраным - Алаш!..» Талқы. 3 том. Алматы, «Ел-шежіре» 2012. 646 б.
- Нұрғали Р. Қилы заман қандай туынды?, «Қазақ әдебиеті», 1967, 1 қыркүйек.
- Оразалин Н., Тұлпар шабыс, тұғырлы биік. («Қилы заман» туралы ой үзіктері), Шілде, 2006.
- Бисенғали З.-Ғ.Қ. «Қилы заман» романындағы дерек пен дәйек. Мақала, Eurasian Journal of Philology: Science and Education. №1 (169). 2018